

«Құрметті профессор» атағын иеленді

Белгілі оюшы - қолөнер шебері, өлкетанушы Шөптібай Байділдин ағамызы ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының «Құрметті профессоры» атанды. Мұндай мәртебелі атақ ағамызға оқу орыны қабырғасында үзақ жыл еңбек ете жүріп, көптеген тарихи -мәдени, ғылыми, қоғамдық жұмыстарға атсалысқаны үшін беріліп отыр.

Шөптібай Байділдәұлы қара шаңырақ жоғарғы оқу орынындағы еңбек жолын 2008 жылы бастаған. Сол жерде ІІ. Алтынсарин атындағы мұражайда ғылыми қызметкер, халықаралық қатынастар жөніндегі про-ректор қарамағында ғылыми қызметкер болып қызмет істеді. Қызметте жүріп, зерттеу – зерделеу жұмыстарымен тынбай айналысты. Сейіт Кенжеахметұлы сынды азаматтармен бірлесіп, Торғай аймағының тарихы мен мәдениетін зерттеу орталығын ашып «Торғай елі» деген кітап шығарған. «Топжарған» атты торғай аймағының ақын - жазушылары жайлы ұжымдық авторлық еңбектері жарық көрді. Құтжан Қанжығалиннің жинақтарын кітап қылыш шығарып, институттың ғылыми айналымына кіргізуге атсалысты. Институтта еңбек ете жүріп 2011 «Санаулы ғұмырымдағы саналы ойларым», «Ою ой, өрнек сал», «Кейкі батыр», «Мұхиттан өткен қайық» аталған еңбектері жарықта шығып, ол жұмыстары жоғары бағаланып, екі мәрте облыстық «Қазына» сыйлығын иеленді.

«2016 жылы ұлт азаттық



көтерлісінің 100 жылдығына орай экспедицияларды басқарды, оның сыртында көптеген қоғамдық жұмыстар атқарды «Ардагер» деген атпен телехабар ашып, көптеген қариялардың елге сінірген еңбегін насхаттадық. Институт жанынан этнокабинет дайындағы, картина галерея жасадық, көптеген ғылыми конференцияларға қатыстық. Қызметтен кетсем де, әлі күнге дейін институт жұмысынан қол үзген емеспін. Айлап көрме қоямын, ақыл - кеңесімді беремін, студенттермен кездесуге қатысып, ел мен жердің тарихын айтамын. Осындағы азды – көпті еңбегімді бағалап, «Құрметті профессор» атағын беріп жатқаны үшін институт басшылығына алғысым зор», -дейді Шөптібай Байділдәұлы.

Еске сала кетсек, аяқталған жылды Шөптібай ағамызы алған алғашқы марапат емес бұл. Ағамызы жанұясымен «Ұлгілі отбасы» байқауының облыстық кезеңінен 1 –орынды жеңіп алды. Сондай ақ, «Ұздік мәдени қызметкер», «ҚР ұздік қызметкері», «Ұздік қасіпо-дақ қызметкері» төсбелгілерін, Қостанай облысы бойынша қолөнер шеберлері арасында бас жүлде иеленді.

«АХ»